



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы  
ойын-сауық және демалыс  
саябақтарының қызметі туралы*

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялыштық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Ұақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өндөу
- S.22 Ескертү

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Шүкірбаева Шолпан Тайшыманқызы

### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубеккызы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8

Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

sh.shukerbaeva@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-97-71

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Мәдениет - адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мұдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы.

Мәдениет статистикасын қалыптастырудың негізі мәдениет мекемелерінің статистикалық есептері болып табылады, олардың бірі - "Ойын-сауық және демалыс саябағының қызметі туралы есеп" 1-саябақ нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар негізгі пайдаланушылар болып табылады.

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросында әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мұдделі мемлекеттік органдардың, сонымен қатар "Атамекен" ҮКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтары) отырыстары өткізіледі, онда жалпы мемлекеттік статистикалық нысандар көрсеткіштерінің өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандары көрсеткіштерімен қайталанбау мәніне егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі.

Пайдаланушылармен кері байланыс Қазақстан Республикасы Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының блогы арқылы жүзеге асырылады.

### S.3 Метадеректерді жаңарту

#### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

14.11.19

#### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

14.11.19

#### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

14.11.19

### S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

#### S.4.1 Деректерді сипаттау

Саябақ – ашық аспан астында демалуға арналған жақсы жабдықталған және көркем безендірілген көгалдандырылған көлемі үлкен аумақ. Мәдени-демалыс ұйымдары бойынша статистикалық байқаудың объектілері: ашық аспан астында орналасқан саябақтар, үй-жайда орналасқан саябақтар.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КӨЖ - Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ қызметкерлердің саны бойынша дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуіші.
- 5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Аталған жіктеуіштер Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсындағы басты бетте «Жіктеуіштер» орналастырылған.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес негізгі немесе қосалқы қызмет түрі 93.21.0 «Ойын-сауық және тақырыптық парктердің қызметі» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер, өз теңгерімінде саябағы бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер ұсынады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Ойын-сауық және демалыс саябақтарының қызметі көрсеткіштерін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 301 бұйрығымен бекітілген Мәдениет статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі негіз болады. Әдістеме Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 қантарда № 14679 болып тіркелді.

2) Респонденттер тобы: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес негізгі немесе қосалқы қызмет түрі 93.21.0 «Ойын-сауық және тақырыптық парктердің қызметі» болып табылатын занды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер, өз тенгерімінде саябағы бар занды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер.

3) Құралдар: «Ойын-сауық және демалыс саябағының қызметі туралы есеп» (коды 211112129, индексі 1-саябак, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны.

4) Байқау типі: жаппай

5) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 18 қантарға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Нысан соңғы рет 2020 жылдың қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2021 жылғы статистикалық нысандар - жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.5 Статистикалық обьект

Мәдени-демалыс үйымдары бойынша статистикалық байқаудың обьектілері: ашық аспан астында орналасқан саябақтар, үй-жайда орналасқан саябақтар.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жаппай зерттеу: цирк қызметін жүзеге асыратын занды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер ұсынады

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда ойын-сауық және демалыс саябақтары бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2001 жылдан бастап жүргізіледі. 2001-2020 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

#### S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептеледі.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік

#### S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет.

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бүйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

7. «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңы.

## S.8 Құпиялыштық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялыштық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялыштығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Үлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бүйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және тентүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өндөлетін және сақталатын ақпараттың құпиялыштығын қамтамасыз ету болып табылады.

### S.8.2 Құпиялыштық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бүйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды және мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы қамтамасыз етеді.

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). сайты. Ресми статистика > Салалар бойынша > Мәдениет статистикасы > Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетенъдер, негізгі көрсеткіштер, серпінділік кестелері)

## S.10 Тарату жиілілігі

Жыл

### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

#### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды.

#### S.11.2 Жарияланымдар

1) "Қазақстан Республикасындағы ойын-сауық және демалыс саябақтарының қызметі туралы" статистикалық бюллетені ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Мәдениет статистикасы –Бюллетенъдерде орналасқан;

2) "Қазақстан Республикасындағы мәдениет" статистикалық жинағы ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Мәдениет статистикасы – Жарияланымдарда орналасқан;

3) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелері ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы Интернет-ресурсында, Ресми статистика > Салалар бойынша – Мәдениет статистикасында орналасқан.

#### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық - талдамалық жүйесінде орналасқан - Статистика бөлімдері - Мәдениет статистикасы

#### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -көнестер

Іске асырылмаған

#### S.11.4 Микродержтерге қолжетімділік

Микродержтерге қолжетімділік жоқ. Деректер қорын сәйкестендірілмен түрінде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бүйріғымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында орналасқан) Деректер базаларын сәйкестендірілмен түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

- 1) "Мәдениет статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы №301 бүйріғымен бекітілді және ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 қантарда № 14679 болып тіркелді. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында "Әдіснама" - Мәдениет статистикасы бөлімінде орналастырылған;
- 2) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" төртінші басылым, толықтыру. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған;
- 3) ЮНЕСКО-2009 мәдениет статистикасының жүйесі, [www.uis.unesco.org](http://www.uis.unesco.org) Интернет-ресурсында орналастырылған.

##### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бүйріғымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшениң Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процессстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бүйріғымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бүйрүгымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

### S.13 Сапаны басқару

#### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Мәдениет статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- әкімшілік көздер ұсынған мәдени мекемелер тізбесін мониторингілеу.
- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өндөу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде).

#### S.13.2 Сапаны бағалау

Мәдениет статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамага жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 301 бүйрүгымен бекітілді.

### S.14 Өзектілік

#### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және занды тұлғалар.

#### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

#### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы – үлес

Колданылмайды

## S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

### S.15.1 Жалпы дәлдік

Дәлдік пен сенімділікті талдау вариация коэффициентін қолдана отырып соңғы бес жыл ішінде циркке келушілер бойынша есептелген. **Вариация коэффициенті** - оның математикалық күтүіне кездейсоқ шаманың стандартты (орташа квадраттық) ауытқуының қатынасына тең, статистикада қолданылатын шама. Ол әр түрлі орташа арифметикалықпен бірнеше жиынтықта бірдей белгінің өзгергіштігін салыстыру үшін қолданылады.

**Вариация коэффициенті** мына формула бойынша есептеледі:

$$C_V = (\sigma/k) * 100\%,$$

мұндағы  $\sigma$ -кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы;


$k$ -кездейсоқ шаманың күтілетін (орташа) мәні.

Статистикада бұл:

- егер вариация коэффициенті 10%-дан аз болса, онда деректердің шашыраңқылығы дәрежесі маңызды емес болып саналады;
- егер 10% - дан 20% - ға дейін - орташа;
- 20% - дан көп немесе 33% - ға тең – маңызды деп қабылданған.


Егер вариация коэффициентінің мәні 33% - дан аспаса, онда жиынтық біртекті, ал егер 33% - дан көп болса, онда біртекті емес болып саналады.

### Қазақстан Республикасындағы демалыс объектілеріне келушілер бойынша вариация коэффициенті



2016-2020 жылдар аралығындағы демалыс объектілеріне келушілер бойынша талдау көрсеткендей, деректер өте біртекті емес болды. 2016-2019 жылдар аралығында келушілердің біртіндеп өсуі байқалады. Карантиндік шараларға байланысты 2020 жылы күрт құлдырау болды.

## **Қазақстан Республикасындағы аттракциондарға келушілер бойынша вариация коэффициенті**



2016-2020 жылдар аралығындағы аттракциондарға келушілер бойынша талдау көрсеткендей, деректер тағы да біртекті емес болды. 2016-2019 жылдар аралығында келушілердің біргіндеп өсүі байқалады. Карантиндік шараларға байланысты 2020 жылы күрт құлдырау болды.

### S.15.2 Иріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Колданылмайды.

### S.15.3 Иріктемемен байланысты емес қате

Колданылмайды.

#### S.15.3.1 Қамту қатесі

Колданылмайды.

##### S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Колданылмайды.

##### S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Колданылмайды.

##### S.15.3.3 Жауп жоқ болу қателері

##### S.15.3.3.1 A4. Жауп жоқ болу бірлігі – үлесі

Колданылмайды.

##### S.15.3.3.2 A5. Жауп жоқ болу тармағы – үлесі

Колданылмайды.

## S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

### S.16.1 Уақыттылық

#### S.16.1.1 ТР1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап «Қазақстан Республикасындағы ойын-сауық және демалыс саябақтарының қызметі туралы» бюллетенінің бірінші жариялануына дейінгі алғашқы нәтижелерді өндөуге жұмсалған уақыт орта есеппен 10 күнді құрайды. Бюллетеньде нәтижелер Статистикалық жұмыстар жоспары бойынша жыл сайын 26 ақпанда жарияланады, олар түпкілікті болып табылады.

#### S.16.1.2 ТР2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады

#### S.16.2 Ұқыптылық

##### S.16.2.1 Ұқыптылық/ТР3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандығы №76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2020 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымды шығару келесі күнге ауыстырылады.

#### S.17 Салыстырмалылық

##### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өнірлер арасында деректер салғастырмалы

##### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша ассиметриясы–коэффициент/СС1

##### S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

2001 жылдан бері ойын-сауық және демалыс саябақтары бойынша серпінділік көрсеткіштер салыстырмалы және үздіксіз.

#### S.18 Келісушілік

##### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мәдениет мекемелері туралы статистикалық деректерді Үкімет баяндамасын және әр түрлі бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру кезінде есептеу үшін пайдаланады.

##### S.18.2 Ішкі келісушілік

Демалыс объектілеріне келушілердің басқа мәдениет мекемелеріне келушілермен келісімділігі төменде көлтірілген.

## **2016-2020 жылдарға мәдениет мекемелеріне келушілердің жалпы санын салыстыру**

мын адам



Диаграммада көрсетілгендей, карантиндік шаралар мен мәдениет мекемелерінің шектеулі жұмыс режимінің енгізілуіне байланысты үш көрсеткіш бойынша 2020 жылы құрт құлдырау болды.

### S.19 Жүктеме

Деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондент үшін әдеттегі енгізу кателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өндеу процесстері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер тек респонденттерді қамтуды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

2020 жылы есеп берген респонденттер саны 277 бірлікті құрады.

### S.20 Деректерді қайта қарау

#### S.20.2 Деректерді қайта қарау /A6

Нысан соңғы рет 2020 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2021 жылғы статистикалық нысандар - Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған. 2020 жылы қайта жариялау болған жоқ.

### S.21 Статистикалық деректерді өндеу

#### S.21.1 Бастапқы деректер

Мәдениет статистикасы бойынша статистикалық ақпарат "Ойын-сауық және демалыс саябағының қызметі туралы есеп" 1-саябақ нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.

#### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл.

#### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Ойын-сауық және демалыс саябағы статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру КР СЖРА ҚСБ Интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

#### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанды толтыру анықтығын тексеру және статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауаптардың жоқ болуын азайту мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру айқындалған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өндөу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер арасында, бөлімдер ішінде.

#### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Колданылмайды

#### S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық байқау жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Колданылмайды

#### S.22 Ескерту

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру